

Бөгетсай ауылдық округінің Бөгетсай ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Бөгетсай ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 4 наурыздағы № 7 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 10 наурызда № 6854 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Бөгетсай ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 9 шілдедегі № 27 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Бөгетсай ауылдық округі әкімінің 09.07.2020 № 27 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Хромтау аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринарлық-санитарлық инспекторының 2020 жылғы 30 қаңтардағы № 15-4/88 ұсынысы негізінде, Бөгетсай ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мүйізді ірі қара малының арасынан құтырық ауруының анықталуына байланысты, Хромтау ауданының Бөгетсай ауылдық округі Бөгетсай ауылында орналасқан "Бекзат" шаруа қожалығының аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Бөгетсай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Хромтау ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

У. Жаналин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК